

# ӘЛЕМДІК ТАРИХ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІ ПРОБЛЕМЫ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

## (5 СЕКЦИЯ)

### XIX Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ СЕБЕПТЕРІ

**Тұрғанбеков Т.**

Ғылыми жетекші: аға оқушы, тарих магистрі Аймахов Е.Н.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
Қарағанды, Қазақстан  
[tturbanbekov@internet.ru](mailto:tturbanbekov@internet.ru)

Жапонияның тарихы барлық басқа Азия елдерінен түбегейлі ерекшеленеді. XIX ғасырдың ортасында адмирал Перри басқарған американдық әскери-теңіз күштері Жапонияны Батыс державаларымен сауда жасай отырып, өз еркімен оқшауланудан бас тартуға және сыртқы әлемге ашылуға мәжбүр етті. Жапон билеушілері - Токугава руынан шыққан сегундар - Батыстың әскери күшіне қарсы тұра алмады. Мақсаты батыс ықпалынан аулақ болу болған 200 жылдық изоляциядан кейін Жапония дәрменсіз болып шықты. Дәл Қытай сияқты, олармен де тең құқықты емес келісімдер жасалды, нәтижесінде батыс саудагерлері экономикалық артықшылықтар мен ерекше аумақтық артықшылықтарға ие болды. Енді жапон билеушілерінің билігі империяның барлық субъектілеріне таралмады. Жарты ғасырдан кейін, XX ғасырдың басында Батыс державалары осы тең емес шарттардың күшін жоюға келісті. Ал Жапония өзінің әскери күшін сапалы арттыра отырып, Қытайды ғана емес, тіпті Ресейді де жеңе алды. Қазіргі заманауи мемлекеттің негізі қаланды, енді Жапония Шығыс Азиядағы ықпал үшін Батыспен бәсекеге дайындала бастады. XX ғасырдың соңына қарай орташа әскери қуатына және бұрынғы азиялық отарларынан айырылуына қарамастан, Жапония индустриялық державаға айналды. Бұл салада тек Америка Құрама Штаттары ғана Жапониядан алда болды.

XIX ғасырдың соңында Батысқа бет бұрған жапон реформаторлары тек батыстық үлгі ғана елді прогресс пен өркендеуге жеткізеді деп шын жүректен сенді. Осындай ұстанымда тұрған олар, Батыс елдерінің экономикасы, саясаты және қоғамдық құрылымы жағынан бір-бірінен қаншалықты қатты ерекшеленетінін басында байқамады. Сол сияқты Батыс та Азияны біркелкі дамитын өңір ретінде қабылдады. Соның нәтижесінде Қытайдағы баяу модернизация қарқыны Жапониядағы жедел өзгерістермен салыстырылды, бірақ бұл екі ел мүлдем өзге жағдайдағы мемлекеттер еді: ғасыр басында Қытай халқы 420 миллионға жетсе, Жапония аралдарында небәрі 30 миллион адам өмір сүрді. Тіпті мәдени және тарихи даму ерекшеліктерін есепке алмағанның өзінде Қытай мен Жапония арасындағы айырмашылық Ұлыбритания мен Ресей арасындағы айырмашылықтан әлдеқайда үлкен болды.

XVII ғасырдың басынан бастап Жапонияда нақты билік Токугава әулетінен шыққан сегундардың қолында болды, ал императорлар негізінен салтанаттық-рәсімдік міндеттерді атқарды. Сегундар иерархиялық түрде ұйымдасқан қоғамның тұрақтылығын сақтап отырды, бұл қоғамда самурай әскери тобы үстем орынға ие еді. Аралдық орналасуының арқасында Жапония екі жарым ғасыр бойы сыртқы әлемнің ықпалынан оқшау қалды. Иерархиялық қоғам үйлесімін мақсат ететін конфуциандық ілім Жапония үшін өте қолайлы болды. Конфуциандыққа сәйкес, билеушілердің міндеті - өз халқының байып, білім алуына жағдай жасау. Алайда іс жүзінде билік кез келген авторитарлық мемлекеттегі бюрократия сияқты әрекет етті. Жапонияның билеуші элитасы конфуциандықтың консервативті көзқарастарын қабылдағанымен, егер жаңа идеялар елдің баюына ықпал ете алса, оларды қабылдауға ашықтығын көрсетіп отырды. XIX ғасырдың басында басталған экономикалық және әлеуметтік өзгерістер дәстүрлі қоғам негіздерінің шайқалуына әкелді. Сыртқы қауіптің күшеюі мен ішкі шиеленістер сегундар билігінің аяқталғанын және қайта күшейтілген монархия төңірегіне ұлтты топтастыра алатын қуатты мемлекеттің құрылуы қажет екенін көрсетті [1, 93-94 б].

Жапонияның өзін сыртқы әлемнен оқшаулау саясаты елдің толық бірігуіне маңызды әсер етті. Бұл саясаттың пайда болуына бірнеше себеп болды. Олар - шетел державаларының басып алу қаупі, орталықтанған билікті күшейту және феодалдық тәртіпті сақтау ниеті, христиандық ұрандармен шығуы мүмкін шаруалар көтерілістерінен қауіптену және тағы басқа факторлар. Токугава сегунаты

осы саясатты өз билігінің бүкіл кезеңіне жуық уақыт бойы ұстанды. Үкіметтің шаралары феодалдық институттарды сақтап қалуға, шаруаларды тәуелді етуге, қоғамның барлық әлеуметтік топтарының өмірін қатаң реттеп отыруға бағытталды. Бұл саясат Жапон қоғамының табиғи тарихи дамуын баяулатып, белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшыратты. Бірақ сегунаттың саясаты XVI ғасырда басталған өндіргіш күштердің дамуын тоқтата алмады, тек уақытша тежей алды. XVII ғасырда ішкі соғыстардың тоқтауы ауыл шаруашылығының жандануына әкелді. Егіс алқаптары мен күріш өндірісі айтарлықтай көбейді. Егіншілік техникасында біраз жаңалықтар пайда болды, жаңа ауылшаруашылық дақылдары тарала бастады, тауарлы егіншілік өсті, шаруалардың үй кәсіптері де жанданды. Бірақ XVIII ғасырда табиғи шаруашылықтың және соған сүйенген экономикалық жүйенің дағдарыс белгілері байқалды. Егістік жерлердің және негізгі өнім - күріштің өсу қарқыны баяулап, біртіндеп тоқтады. Елдің оқшаулануы сыртқы нарықпен жұмыс жасайтын саудагерлерге үлкен зиян келтірді. Сондықтан олар капиталдарын ел ішінде тиімді орналастыру жолдарын іздей бастады. Жерді жасырын түрде сатып алу көбейді, сөйтіп жер саудагерлер мен өсімқорлардың қолында шоғырлана бастады. Ауыр салықтардың кесірінен шаруалар жерсіз қалып, бұл жағдай XVIII ғасырда ерекше күшейді. Ауылдағы адамдардың мүлкі азайып, кейбіреулердің байып, кейбіреулердің кедейленуі байқалды. Сонымен қатар ауылда бастама түріндегі капиталистік өндіріс орындары пайда бола бастады. Мұның бәрі феодалдық жүйенің ыдырап бара жатқанын көрсететін алғашқы белгілер еді. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында мануфактуралар кеңінен тарайды. Олар әсіресе мата тоқу ісінде, шарап (сакэ) өндіруде, металды балқытуда және балауыз жасау салаларында қатты дамыды. Бірақ феодалдық өндірістік қатынастар мен Токугава әкімшілігінің қатаң тәртіптері капиталистік кәсіпкерліктің дамуын шектеп отырды.

Токугава әулеті халықтың қозғалысын, оның қай жерде шоғырланып жатқанын және өзіне қарсы болуы мүмкін аймақтардағы жағдайды үнемі бақылап отыру үшін ерекше шаралар қолданды. Елдегі маңызды стратегиялық жерлер мен басты жолдар бойындағы аумақтар ең сенімді мұрагер вассалдарға тапсырылды. Негізгі жолдарда, әсіресе астана маңында, саяхаттап жүрген адамдарды бақылау үшін арнайы бекеттер сақталды. Онда құжаттар мұқият тексерілетін. Бақылау әсіресе «елден шығатын әйелдер мен елге кіргізілетін қару» мәселесінде қатал болды. Өйткені егер қандай да бір вассал Токугаваға қарсы бір әрекет ойластырса, ол алдымен өз тұтқын-кепілдерін Токугава жерлерінен шығарып, ал қаруды керісінше ішке алып кіруге тырысады деп есептелді. Токугава билігінің халықты қадағалауының маңызды бөлігі - құпия бақылау қызметкерлері, яғни мэцкэ. Олардың міндеті ірі-ұсақ барлық вассалдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін бақылау болды. Бұл жүйе уақыт өте келе кең ауқымды тыңшылар желісіне айналды. Оның құрамында жасырын қызмет бөлімдері, азаптау бөлмелері, арандатушылар жұмыс істеді. Мұның бәрі Токугава дәуірінің қатал, автократиялық тәртібін сипаттап берді. Токугава режимі үстем таңқа жататын адамдарға жүргізген өмір салтын қатты реттеу, үнемі бақылау және бағынбайтындарға қатал жазалау саясаты қарапайым халыққа қарағанда әлдеқайда қатал болды. Орталық билік өз заңдарын халыққа түсіндіруге тырысқан жоқ. Конфуций ілімі бойынша қарапайым адамдарға «неге екенін сұрамастан айтқандарын орындау» міндеттелген. Жапон әскери басшылары да өз бұйрықтарын бағынатындарға түсіндіруді қажет деп санамады. Сол себепті қарапайым адам ешқашан «қате жасамаймын» деп сенімді бола алмайтын. Қылмыскерлерге берілетін жазалар халықты қорқыту үшін жасалған. Сол себепті ашық, қиналатын өлім жазалары жүргізіліп, бас пен денелер жұртшылыққа көрсетілген. Кейбір қылмыскерлерді белге дейін жерге көміп, жазаны көріп тұрған адамдар оларды өткір бамбук таяқшаларымен өлтірген. Қазадан кейінгі денелер самурайларға қылыштарын сынауға берілген. Өрт қоюға айыпталғандарды барлығының көзінше өртеген. Тергеу кезінде қатал әрі айлакер азаптау әдістері қолданылған [2, 81-86 б].

Бұл оқиғалар мен факторлардың барлығы Жапонияның жабық саясатының күйреуіне алып келді. Яғни, Америкалықтар келіп ашпаса да, ертелі кеш бұл жабық саясаттың құлайтын күні алыс емес еді. Токугава билігінің халықты шамадан тыс оқшаулауының езгісінен шаршаған жапон халқы тіпті заңдарды да елемей кетті. Осылайша 200 жылдық билік құлап, жапон халқының ұлттық трансформациясы көрініс бере бастады.

1889 жылы Жапонияда Конституция қабылданды. Оның үлгісі ретінде Пруссия Конституциясы алынған, ол 1871 жылы 22 монархия мен 3 еркін қаланы біріктіріп, Герман империясын құрған болатын. Жапония да император билігін қалпына келтіріп, оның қасиетті әрі айырылмас тұлға екенін мойындады. Императорға дерлік шексіз өкілеттіктер берілді. Император ешкімнің келісімінсіз соғыс жариялап, бейбітшілік келісімін жасап, заңдар шығарып, парламентті шақырып немесе тарата алатын болды. Сондай-ақ ол жоғары лауазымды азаматтық және әскери шенеуніктерді тағайындап және қызметінен ала алатын еді. Қабылданған Конституция бойынша парламент екі палатадан тұрды: сенат - аристократтар, император отбасы мүшелері және жоғары лауазымды шенеуніктерден құралған,

мүшелері император тағайындаған. Өкілдер палатасы - белгілі мүлік талаптарына сай сайланатын депутаттардан құралған. Парламент кейбір ішкі саясат мәселелерінде шектеулі өкілетке ие болды, ал бюджетті тек мақұлдаумен шектелді. Үкімет өз іс-әрекеттері үшін тек императорға жауапты болды. Бұл кейінгі уақытта елдің әскери бағытқа бет бұруына және «Ұлы Азияны» Жапония бақылауына алу мақсатына жол ашты. Конституция елді басқарудан феодалдық жоғарғы тапты алып тастады, өйткені олар өзгерістерге қарсы болып, реформаларға кедергі келтірді. Ауыл шаруашылығы реформасы феодалдық кландардың күшін әлсіретіп, кей жерлерді шаруаларға берді, осылайша тауарлық өндіріс үшін жағдай жасалды. Хандықтар жойылып, олардың орнына префектуралар құрылды. Бұл елді біртұтас етуге, сондай-ақ жалпыұлттық нарықты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жапонияда өнеркәсіптік реформа жапон буржуазиясының әлсіздігіне байланысты шектеулі болды. 1880-1890 жылдары мемлекеттік кәсіпорындар өте төмен бағамен жеке адамдарға сатылды, жалға берілді немесе кейде мүлдем су тегін берілді. Әдетте дворяндар мен жоғары шенеуніктердің қолына берілді. Осының арқасында император сарайы, байып, буржуазияға айналған жер иелері және ұлттық буржуазия арасында тығыз байланыс пайда болды. Осы кезеңде «Мицуи», «Мицубиси», «Ясуда», «Асано» сияқты ірі компаниялар құрылды.

Сонымен бірге жүргізілген әскери реформа жалпыға бірдей әскери қызметке және әртүрлі оқу орындарының әскери академияларының құрылуына әкелді. Мемлекет өнеркәсіпті субсидиялау арқылы қарқынды дамытып, әскери тапсырыстар бойынша жұмыс істеген фирмаларға артықшылық берді. Жапония әлемдік аренаға шығуға бар күшімен дайындалды. Сыртқы саясатты кеңейту бағыты ұлттық стратегияға айналды [3, 41-43 б].

«Коммунистік партияның Манифестінде» К. Маркс пен Ф. Энгельс капитализмнің дамуымен бірге жүретін әлемдік процестердің мәнін нақты тұжырымдады: "ескі жергілікті және Ұлттық оқшауланудың орнына...жан-жақты байланыс және ұлттардың бір-біріне жан-жақты тәуелділігі пайда болады. Бұл материалдық және рухани өндіріске бірдей қатысты. Кейбір ұлттардың рухани қызметінің жемісі ортақ меншікке айналады. Ұлттық біржақтылық пен шектеулер барған сайын мүмкін емес бола бастайды".

1868 жылдан бастап жаңа үкімет Батыс мәдениетің, ғылымын және технологиясын кеңінен, мақсатты түрде қарызға алу саясатын жүргізе бастады. Бұл Жапонияның экономикалық және мәдени өмірін жандандыруға ықпал етті. Өнеркәсіп, көлік және байланыс қарқынды дамыды. Экономиканың өсуі техникалық және жаратылыстану ғылымдары саласында айтарлықтай жетістіктермен қатар жүрді. Медицинада, сейсмологияда, биологияда, ауылшаруашылық ғылымдарында және т.б. айтарлықтай прогресс байқалды. Жасанды оқшауланудан және конфуцийлік шектеулерден босатылған гуманитарлық ғылымдар қарқынды дамыды. Шетел мәдениетін кеңінен қабылдау Жапония үшін жаңалық болған жоқ. Мэйдзи революциясынан кейін күнделікті өмірге де өзгерістер енгізіле бастады, яғни халықтың кең топтарына әсер ететін қайта құрылым жасалды. Батыс мәдениетінің ықпалы жиі дәстүрлі мәдени мұраға зиян келтірді. Мэйдзи революциясынан кейінгі алғашқы онжылдықта өнерде, эстетикалық көзқарастарда, дінге құрметте дәстүрлердің бұзылуы байқалды. Бұл процесс оңай болмады. 1871 жылы Мэйдзи үкіметі Жапонияны феодалдық артта қалушылықтан алып шығу және елде «өркениетті мәдениетті» (буммэй кайка) қалыптастыру мақсатында жаңаша бағыт жариялады. Осы жаңа бағытқа сәйкес үкімет жас адамдардың үлкен топтарын Еуропа мен АҚШ-қа оқуға жіберді. Шетелге мемлекеттік басқару өкілдері де аттанды. Мысалы, 1871 жылы Ивакура Томоми бастаған бірінші ресми дипломатиялық миссия жіберілді. Бұл миссия 15 елге бағыттталып, олардың мәдениеті мен мемлекеттік құрылымымен танысуды мақсат етті. Сапар шамамен 3 жылға созылды (1871-1873 жылдар) және құрамында министрлер, кеңесшілер, аудармашылар, студенттер бар, барлығы шамамен 100 адам болды. Жапонияға шетелдік мамандар, мұғалімдер және техникалық кеңесшілер шақырылды. 1873 жылы Токиода әскери академия ашылды, оған француз офицерлері командалық құрамды оқытуға келді. Сол уақытта әскери-теңіз академиясы мен инженерлік училище де құрылды. Ондағы оқыту ағылшын офицерлері арқылы, ағылшын тілінде жүргізілді. Көптеген студенттер практикадан өту үшін Англия мен АҚШ-қа жіберілді. Сонымен қатар, еуропалық бағыттағы жеке мектептер (эгакудаюку) ашыла бастады. Бұлар бұрынғы Қытай мен Голландия бағытындағы мектептердің орнын басты. 1874 жылы тек Токиодағы ағылшын мектептерінің саны (эйгакудаюку) 120-дан асты. 1872 жылы дәстүрлі ай күнтізбесі жойылып, бүкіләлемдік Григориан күнтізбесі енгізілді және демалыс күні ретінде жексенбі белгіленді. Қалалар арасындағы теміржол қатынасы мен телеграф байланысы іске қосылды. Хат жеткізу қызметі алдымен қалалар арасында, кейін бүкіл ел көлемінде ұйымдастырылды. 1877 жылы Жапония халықаралық пошта келісіміне қосылды. Токионың Гиндза ауданында үкімет үлкен кірпіш үйлер мен сауда орындарын салды. Бұл үйлерді жалға беріп, белгілі төлемдерді жасаған жағдайда сатып алуға болатын. Көше бойында газбен жарықтандыру орнатылды. Батыс мәдениетінің

әсері жапондардың сыртқы көрінісінде де көрінді: киім, аяқ киім, шаш үлгісі өзгере бастады. Мэйдзи революциясына дейін жауынгерлер батыс үлгісіндегі киім киетін, кейін полиция қызметкерлері мен теміржол кондукторларына да енгізілді. 1872 жылы батыс үлгісіндегі киім мерекелік киім ретінде, 1876 жылы - күнделікті қызметтік киім ретінде қабылданды. 1872 жылы император мен оның айналасы да еуропалық киім киіп шықты. Сол кезде консерватив аристократ Хасимото Дзицурай: «Императордың еуропалық киім кигенін көріп, мен қатты таңқалдым және өкінішпен ойландым» деп жазған. 1880-жылдары еуропалық стиль әйелдер арасында да танымал бола бастады. Қалалардағы кейбір тұрғындар арасында әйелдерге арналған еуропалық көйлек пен шаш үлгісі сәнге айналды. Ал ерлерге арналған қысқа еуропалық шаш үлгісін енгізу қиындық тудырды және үкіметтің қатты ықпалы қажет болды. Үкімет жапондардың шетелдіктер алдында өркениетті ел ретінде көрінуіне бар күшін салды. Еуропалықтарға «варварлық» көрінетін кейбір дәстүрлі әдеттер тоқтатылды. Жапондардың дәстүрлі ерлер шаш үлгісі - теммага (шашты басында үйіріп байлау) - шетелдіктерге примитивті көрінгендіктен жаңартылған Жапония азаматтарына сәйкес келмеді [2, 188-190 б].

Сегунат жақтастары мен императорлық билікті қалпына келтіруді қолдаушылар арасындағы күрес жаңа үкіметтің пайдасына шешілгеннен кейін, ел алдына экономикалық және әскери тұрғыдан мемлекетті жедел күшейту міндеті қойылды. Мэйдзи дәуірі көшбасшылары бұл міндетті «бай ел және күшті әскер» (фукоку кэхэй) лозунгі арқылы айқындады. Бұл міндетті қысқа мерзімде жүзеге асыру қажеттілігі батыс державаларының қысымымен және ұлттық тәуелсіздікті жоғалту қаупімен байланысты болды.

Осындай жағдайда Мэйдзи кезеңінің саяси көшбасшылары тепе-тең, сақ саясат жүргізіп, қоғамды түбегейлі күйретпей, дәстүрлі моральдық қағидаларды бұзбай, қайта құрудың нақты жолдарын табуға тырысты. Олар қоғамда орныққан діни-рухани стереотиптерді трансформациялауды көздеді. Батыс мәдениетінің элементтерін қабылдау тек утилитарлық сипатта болуы, жапон руханиятының негізіне зиян келтірмеуі тиіс еді.

Жапонияда сол кезде «жапон рухы мен еуропалық білімді» (вакон ёсай) үйлестіру қажеттігі туралы айтылды. Мұндай ымыралы шешім көптеген қайшылықтар туғызғанымен, дәл осы жол Жапонияның өміршеңдігі мен жедел модернизациясын қамтамасыз етті. Ұлттық бірлікті нығайту, идеология арқылы бұқараны мемлекет мүддесіне жұмылдыру міндеті тек діни және ұлттық бастамаларды біріктірген біртұтас цементтеуші идеологияны құру арқылы ғана мүмкін болды. Осындай талаптарға сәйкес келетін тэнноизм идеологиясы қалыптасты. Ол діни дәстүрлерге тамырланған көптеген элементтерді сақтап қалды. Идеологияның тағы бір маңызды қыры - ашық ұлттық бағытталуы. Бұл кезеңде жапондардың ежелден қалыптасқан діни төзімділігін бұза отырып (жапондар бұрын түрлі діндердің көптеген құдайларына бірдей табынатын), енді мемлекет бір ғана құдайға - «тірі құдай» саналатын императорға табынуды жоғары қойды. Басқа діни бағыттар шеттетілді [4, 42-43 б].

Сарбаздар санын көбейту мақсатында әскерге шақыру 1872 жылы әмбебап және міндетті болды, ал самурайлар өздерінің дәстүрлі артықшылықтарына үйренгенімен, 1880 жылға қарай әскерге шақырылушылар армиясы берік орнықты. Жапондық әскери модернизация Императорлық армия Бас штабының кеңсесі, пруссиялық үлгіден кейін жасалды. 1878 жылы тікелей императордың тұсында құрылды және әскери жоспарлау мен стратегияға кең өкілеттіктер берілді. Жаңа күш ақырында самурай рухын өзіне айналдырды. Бұрын феодалдарға берілген адалдықтар мемлекет пен императорға берілді. Қызметтен босатылғаннан кейін сарбаздар бұл мұраттарды өздерінің қоғамдастықтарына қайтарып, әскери стандарттарды барлық сыныптарға таратты. Жапония XIX ғасырдың аяғында біртұтас, заманауи ұлт құруға арналды. Олардың мақсаттарының қатарында императорға деген құрмет сезімін ояту, бүкіл жапон ұлтына жалпыға бірдей білім беруді талап ету, ең соңында әскери қызметтің артықшылығы мен маңыздылығы болды. 1873 жылы 10 қаңтарда бекітілген әскерге шақыру туралы заң жиырмадан асқан барлық ер адамдар үшін әскери қызметке міндетті болды. 1873 жылы бұл жанжалдардың бейбіт жолмен немесе әскери іс-қимыл арқылы аяқталатынын ешкім нақты болжай алмады, сондай-ақ күтілген билік үшін күресте қандай адамдар немесе топтар бірінші орынға шығатыны белгісіз болды. Бұл заңнама Мэйдзи дәуіріндегі ең маңызды әскери реформа болды. Самурайлар табы бұдан былай әскери күшке монополия ұстамады. Мэйдзи қалпына келтірілгеннен кейін олардың артықшылықтары мен мәртебелері олардан алынып тасталды. Самурайлар тобының таратылуы тең дәрежелі ерлердің заманауи армиясын құруға мүмкіндік береді. Алайда, көптеген самурайлар реформаларға наразы болып, өз мәселелерімен ашық бөлісті. Әскерге шақыру туралы заң әлеуметтік бақылау әдісі болды: бағынбайтын самурайлар тобын жауынгер рөліне қайта орналастыру. Жапония үкіметі әскерге шақыру Еуропа әскерлеріне қарсы тұруға қабілетті заманауи армия құруды көздеді. Алайда, Мэйдзиді қалпына келтіру бастапқыда еріген

самурайлар тобының арасында келіспеушілік туғызды, бірақ әскерге шақыру жүйесі бұл келіспеушілікті тұрақтандырудың тәсілі болды. Кейбір самурайлар басқаларына қарағанда наразы болып, міндетті әскери қызметті айналып өтуге қарсылық қалталарын қалыптастырды. Көптеген адамдар өз-өзіне қол жұмсады немесе ашық бүлік шығарды. Заң сонымен қатар әскерилерге әскерге шақырылушыларды оқытуға мүмкіндік берді. Урбанизацияға бет бұрған кезде үкімет халықтың білімінің артта қалуына алаңдады: қарапайым адамдардың көпшілігі сауатсыз және хабарсыз болды. Әскерилер "білім алуға және мансаптық өсуге жаңа мүмкіндіктер" ұсынды. Жаңа шақырылушылар, әсіресе әскерге шақырудың алғашқы жылдарында, оқуды үйренетін. Үкімет білімді сарбаз қоғамның жемісті мүшесі бола алатынын түсінді. Білім мемлекеттің жақсаруы үшін болды. 1882 жылы жаңа қарулы күштердің императорға деген сөзсіз адалдығын талап етіп, жоғары тұрған офицерлердің бұйрықтары императордың бұйрықтарымен пара-пар деп мәлімдеді. Бұдан былай әскери күштер империялық институтпен тығыз және артықшылықты қарым-қатынаста болды. Жоғары дәрежелі әскери басшыларға императорға тікелей қол жетімділік және оның мәлімдемелерін әскерлерге тікелей жеткізу құқығы берілді. Әскерге шақырылушылар мен офицерлер арасындағы, әсіресе шаруалардан шыққан кіші офицерлер арасындағы жанашырлық қарым-қатынас әскерилерді халыққа жақындатуға ұмтылды. Уақыт өте келе адамдардың көпшілігі саяси жетекшілерден гөрі әскери қолбасшыларға ұлттық мәселелерде басшылық іздеуге көбірек келді [5].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Гренвилл Дж. История XX века. Люди. События. Факты/Пер. с англ. О.Суворов. - М.: "Аквариум", 1999. - 896 с.
2. Л.Д.Гришелева. Формирование Японской национальной культуры (конец XVI - начало XX века) изд. "Наука", 1986. 286 с.
3. Алдонгаров А.А., Олжабай А.Ш. Геополитическая миссия Казахстана. Караганда 2004г.
4. Т.Г. Сила-Новицкая Культ императора в Японии: мифы, история, доктрины, политика. - М.: Наука. 1990. 206 с.
5. [https://translated.turbopages.org/proxy\\_u/en-kk.ru.acc7ccb2-692c6230-86cf5aaa-74722d776562/https/en.wikipedia.org/wiki/Japanese\\_military\\_modernization\\_of\\_1868-1931](https://translated.turbopages.org/proxy_u/en-kk.ru.acc7ccb2-692c6230-86cf5aaa-74722d776562/https/en.wikipedia.org/wiki/Japanese_military_modernization_of_1868-1931)

### **ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КСРО-НЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІНЕ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ**

**Мәжкен Н.**

Ғылыми жетекші: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
Қарағанды қ.

#### **Неліктен КСРО Чернобыль апатын жасырмақшы болды?**

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ешқандай тарихи оқиға Еуропа адамдарының өмірінде Чернобыль атомдық электростанцияның 4-ші энергоблогындағы жарылыс секілді жаралы із қалдырған емес. 1986 жылы 26 сәуір 1:23 те Чернобыльден 12 км қашықтықта орналасқан атом электростанциясының 4-ші энергоблогында жарылыс болды. Энергоблоктың жарылысының нәтижесінде қоршаған ортаға орасан зор мөлшерде радиоактивті материал шығарылады, бұл Хиросимаға тасталған бомбадан 500 есе көп еді. Плутоний, уран, йод-131, стронций-90, цезий-137, цезий-134 және жартылай ыдырау мерзімі 8 күннен 30 жылды құрайтын химиялық заттар ауа, топырақ, орман, өзен-суға таралды. Бұдан бөлек, жартылай ыдырау мерзімі ұзағырақ заттар да болды мысалы, америций-241 - 430 жыл, плутоний-239 - 24 мың жылдан астам, уран-238 - 4,5 миллиард жылды құрайды [1, 26 б].

КСРО-дағы Чернобыль апаты тек Украина жерінде ғана емес, дүниежүзілік деңгейде әлемді дүр сілкіндірген қайғылы оқиға болды. Апаттың қауіпті салдарына, үлкен масштабына, химиялық ластау дәрежесіне қарамастан КСРО билігі өзінің әлем алдындағы саяси беделі үшін бұл инцидент туралы тек ішінара, бірен-саран сөзбен ғана құтылуға немесе тіпті бұқарадан барынша жасыруға тырысканы туралы білеміз. Дегенменде, билік қанша жерден жасыруға тырысқанымен Чернобыль апаты туралы шындық көп ұзамай дүниежүзілік қауымдастық пен державаларға мәлім бола бастады.

Осындай масштабты атомдық аварияны жасыруға не себеп болды?

Кеңес Одағы әрдайым мемлекеттік маңызы бар ақпараттарды қатаң бақылауға және жасыруға негізделген мемлекет болды. Қателікті мойындау, әсіресе Қырғиқабақ соғыс жылдарында әлсіздіктің